

Қоғамдық жұмысқа тартуға сотты болған азаматтар тартылатын қоғамдық жұмыстардың түрлерін бекіту туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 2 ақпандағы № 94 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 17 ақпанда № 14-10-179 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 17.02.2015 № 145 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 42-бабының 1-тармағы, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 30-бабының 1-тармағы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағы негізінде, Сайрам ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түрінде жазаны өтеуге сотталған тұлғаларға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері белгіленсін: елді мекендер аумақтарын к ө р і к т е н д і р у және т а з а л а у .

2. Қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаға сотталғандармен жазаны өтеу орны: «Сайрам тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

3. Ауыл округтерінің әкімдері Сайрам аудандық қылмыстық-атқару инспекциясының келісімімен қоғамдық жұмысқа тарту түрінде жазаны өтеуге арналған объектілердің тізімдерін соттарға тоқсан сайын ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Ш . Х а л м у р а д о в қ а жүктелсін .

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

У.Қайназаров